

Оқу сауаттылығы

ҰБТ-дағы тест мәтіндерін талдау

1-әдіс

1

Алғашқы әдіс – мәтінге байланысты берілген сұрақтың тапсырмасынан бастау. Бір істі бастағанда оны қандай мақсатпен жасап отырғанымызды білсек, жұмысымыз жеңілдейді. Сол себепті алдымен сұрақтың тапсырмасын оқысаңыз, мәтінді оқып жатқанда автоматты түрде адамның миы оны түсінуге және шешуге бейімделіп оқитын болады. Тіпті мәтінді оқымас бұрын, алдымен жауап нұсқаларына көз жүгіртсеңіз, мәтінде не туралы айтылғанын және сізден не сұрап тұрғанын оп-оңай түсіне аласыз.

2-әдіс

2

Сұрақтың тапсырмасын және сізден нені сұрап тұрғанын жақсылап түсініп алыңыз. Кейде сұрақтың тапсырмасында «айтылмаған», «берілмеген», «жатпайды» секілді болымсыз тапсырмалар кездеседі. Мұндай болымсыз сұрақтарға абай болыңыз. Асты сызылған сөздерді де мұқият оқыңыз.

3-әдіс

3

Барлық жауап нұсқаларын міндетті түрде қарап шығыңыз. Кейде «А» жауап нұсқасы шатастырушы болуы мүмкін. Мәтінге байланысты жауап нұсқасы болуы да ықтимал. Бірақ басқа да жауап нұсқалары мәтіннің мағынасын одан да жақсы түсіндіре алатынын мұқият оқығанда байқай аласыз. Сіз «А» нұсқасын асығыс белгілеп жіберсеңіз, емтиханнан соң бұл қателігіңізді түзету кеш болады.

4-әдіс

4

Сұрақтарды өзіңіздің ыңғайыңызға қарай емес, сұрақта сізден не сұрап тұрғанына қарай тұжырым жасаңыз. Мәтіндегі ойды түсінбеуіңіз мүмкін, бірақ сізден не сұрап тұрғаны маңызды, себебі сұралған нәрселер мәтінде айтылғандар болып табылады.

5-әдіс

5

Ұзақ, көлемді тапсырмалардан қорықпаңыз! Сұрақтың ұзақтығы мен қиындығы көбінесе бірдей емес. Беттің жартысын алатын сұрақтар басқаларға қарағанда әлдеқайда жеңіл болуы мүмкін. Ұзақ сұрақтарда көбінесе оқиға беріледі де, оны көз алдыңызға елестетіп, есте сақтау өте жеңіл болғаны үшін сұрақты оп-оңай шешесіз.

6-әдіс

6

Мәтіннің негізгі ойы әдетте соңғы сөйлемдерде келеді. Айрықша жағдайларды есептемегенде, мәтіннің негізгі ойын соңғы сөйлемнен іздеңіз.

7-әдіс

7

Соңғы және ең маңызды әдіс. Мәтін сұрақтарды барлығы шеше алады, бірақ маңыздысы - сізге берілген уақытта шешіп үлгеру. Сол себепті тәжірибе жинап, тез шешуді үйрену өте маңызды. Тәжірибе жинау үшін белгілі бір тәртіппен сұрақ шешуіңіз керек. Ендеше, сізге ұсынысымыз - күн сайын кем дегенде 20-30 мәтін сұрақ шешу!

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРҒА КЕҢЕС...



МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

МӘТІН – ЖАЛПЫ БІР ТАҚЫРЫП ТӨҢІРЕГІНДЕ
БІРІККЕН БІРТҰТАС, ТИЯНАҚТЫ СӨЙЛЕМДЕР
ЖИЫНТЫҒЫ. МАҒЫНА ЖАҒЫНАН ӨЗАРА
БАЙЛАНЫСТЫ ЕКІ НЕ ОДАН ДА КӨП
СӨЙЛЕМДЕРДЕН ҚҰРАЛАДЫ.

МӘТІНГЕ АТ ҚОЮҒА БОЛАДЫ!!!

МӘТІН БӨЛІКТЕРІ

МӘТІННІҢ БАСЫ – КІРІСПЕ БӨЛІМ
МӘТІННІҢ БАСТАЛУЫ

ОРТАСЫ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

СОҢЫ – ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМІ
МӘТІННІҢ СОҢЫ АЯҚТАЛУЫ

МӘТІН ТҮРЛЕРІ

ӘҢГІМЕЛЕУ

СИПАТТАУ

ПАЙЫМДАУ

МӘТІН ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СҰРАҚТАРЫ

ӨҢГІМЕЛЕУ
СҰРАҚТАРЫ: НЕ ІСТЕДІ? ҚАЙТЕДІ?

СИПАТТАУ
СҰРАҚТАРЫ: ҚАНДАЙ? ҚАЙ?

ПАЙЫМДАУ
СҰРАҚТАРЫ: НЕЛІКТЕН? НЕ СЕБЕПТІ?

ӘҢГІМЕЛЕУ

ӘҢГІМЕЛЕУ – ОҚИҒАНЫ РЕТІМЕН БАЯНДАЙТЫН МӘТІН.

ӘҢГІМЕЛЕУ МӘТІНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

СӨЙЛЕМДЕРІ ІС-ҚИМЫЛДЫ БІЛДІРЕДІ.

ТІРЕК СӨЗДЕРІ ЕТІСТІКТЕН БОЛАДЫ.

СӨЙЛЕМДЕР ТІЗБЕКТЕЛЕ БАЙЛАНЫСАДЫ.

МӘТІН СОҢЫНА ҚАРАЙ НЕГІЗГІ ОЙДЫ БІЛДІРЕДІ.

СИПАТТАУ

СИПАТТАУ – ЗАТ НЕМЕСЕ ҚҰБЫЛЫСТЫ СУРЕТТЕП, СИПАТТАЙТЫН МӘТІН.

СИПАТТАУ МӘТІНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

ЗАТТЫҢ ТҮР ТҮСІН, ҚАСИЕТІН СУРЕТТЕЙДІ.

ТІРЕК СӨЗДЕРІ СЫН ЕСІМНЕН БОЛАДЫ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ПАЙЫМДАУ

ПАЙЫМДАУ – ОҚИҒА, ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ СЕБЕБІН ДӘЛЕЛДЕЙТІН МӘТІН.

ПАЙЫМДАУ МӘТІНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

СӨЙЛЕМДЕР СЕБЕБІН АШЫП КӨРСЕТЕДІ.

БІРІНШІ СӨЙЛЕМДЕ НЕГІЗГЕ ОЙ БОЛАДЫ.
АЛ ҚАЛҒАН СӨЙЛЕМДЕРДЕ СОЛ ОЙДЫ ДӘЛЕЛДЕЙДІ

ТІРЕК СӨЗДЕРІ «ӨЙТКЕНІ», «СЕБЕБІ», «БІРІНШІДЕН»,
«ЕКІНШІДЕН» ДЕГЕН СӨЗДЕР

МӘТІН ТҮРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ МЫСАЛДАР

ӘҢГІМЕЛЕУ

КҮЗ КЕЛДІ. АЙНАЛА АЛТЫН ТҮСКЕ БОЯЛҒАН. АҒАШТАРДЫҢ ЖАПЫРАҚТАРЫ САРЫ, ҚЫЗЫЛ БОЛЫП ЖЕРГЕ ТҮСКЕН. ҚҰСТАР ЖЫЛЫ ЖАҚҚА ҰШУҒА ДАЙЫНДАЛУДА

СИПАТТАУ

АҚҚУ КИЕЛІ ҚҰС. АҚҚУДЫҢ МОЙНЫ ҰЗЫН, ТҰМСЫҒЫ ҚАРА, ҰШЫ ҚЫЗЫЛ БОЛЫП КЕЛЕДІ. АҚҚУДЫҢ ҚАНАТЫ ҰЗЫН, МАМЫҒЫ ҰЛПА БОЛАДЫ. ОЛ ҰШҚАНДА ЖАЙМЕН ҰШАДЫ. АҚҚУЛАР ДОСТЫҚТЫҢ, МӨҢГІКТІҢ БЕЛГІСІ.

ПАЙЫМДАУ

ЕЖЕЛДЕН АДАМДАР ҮЙДІ КІРПІШТЕН САЛУДЫ ҰНАТҚАН. СЕБЕБІ, КІРПІШ СУДА ЕРІМЕЙДІ, СУЫҚТА ҮГІЛМЕЙДІ. ОЛ КҮЙДІРІЛГЕНДІКТЕН БЕРІК БОЛАДЫ. ҚАЗІР ДЕ КІРПІШ ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНДА, ӨНЕРКӨСІП ҚҰРЫЛЫСТАРЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ.